Ізденуші Жунисов Жасулан Сейткаримовичтың 6D030200 – «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық еңбегіне отандық ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы Айдарбаев Сағынғали Жоламанұлының

ПІКІРІ

XXI ғасырды мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың, соның ішінде біріздендіру және үйлестірудің заманы десек қате болмайды. Мұның себебін әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық өмірдің басым көпшілік салаларын қамтыған жаһандану үдерісінің әсерімен де, ғылыми-техникалық өрлеудің, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен де, басқа да себептермен түсіндіруге болады. Көп жағдайларды біріздендіру / үйлестіру үдерістері институциялық нысанда өтеді. Шынымен де, елдердің сауда-саттыққа қатысты заңнамалары ДСҰ-ның ережелеріне толығымен сәйкестендіріліп отыр, қаржы заңнамалары болса – Халықаралық Валюта Қоры мен Қайта құру мен дамудың халықаралық банкі стандарттарына сай келтірілген. Қай саланы алсақ та, ол салада тиісті халықаралық ұйымдардың ережелеріне сәйкес мемлекеттердің ішкі заңдары біріздендірілген әрі үйлестірілген болып шығады.

Әсіресе, бұл жағынан аймақтық сипатқа ие халықаралық интеграциялық ұйымдардың қызметі көп қызығушылық туғызады. Ол түсінікті де, өйткені Еуропа Одағының үлгісін басшылыққа алған мемлекеттер оның жолын қайталап келе жатыр. Осындай өңірлік халықаралық интеграциялық ұйымдардың бірі – ол, Еуразиялық экономикалық одақ. Осы Одақ соңғы үш жылда орын алған ерекше жағдайларға қарамастан өзінің өміршеңдігін әрі одан ары даму мүмкіндігін байқатып отыр. Бұл жетістіктердің негізінде, біздің ойымызша, қатысушы елдердің тығыз интеграцияланып үлгеруі, сырттан пайда болған қауіп-қатерлерге төтеп беру қабілетінің жоғары болуы, жалпы алғанда, мүше-мемлекеттер заңнамаларын біріздендіру мен үйлестірудің тиімділігі жатыр десе болады.

Еуразиялық экономикалық одақтың мұндай қасиеттеріне негіз болған – Еуразиялық экономикалық қоғамдастық екендігіне ешбір күмән жоқ деп есептейміз. ЕурАзЭҚ болса мүше-мемлекеттерінің заңнамаларын біріздендіру мен үйлестірудің соншалықты жоғары деңгейіне қалай қол жеткізгені, қандай құқықтық құралдар мен тәсілдерді қолданғаны, болашақ жетістіктердің іргесін қалай қалағаны ізденуші Ж.С. Жүнісовтің диссертациялық еңбегінен табуға болады. Осы жағынан әрі тарихи тұрғы мен теориялық жағынан бұл еңбектің тақырыбы аса өзекті болып отыр.

Диссертация үш бөлімнен құралады, бірінші бөлімі - мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың теориялық қырларына, екінші бөлім - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мүше-елдері заңнамаларын

жақындастыру тетіктерінің ерекшеліктеріне, үшінші бөлім - мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны мен ЕАЭО-ның пайда болуынан кейін мүше-елдердің заңнамаларын жақындастыру тәсілдерінің өзгеруіне арналған. Жұмыстың мұндай құрылымы оның басты мақсатына – яғни, ЕАЭО-ға мүше болып табылатын мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

Диссертант өз алдына қойған міндеттерді толық орындап шыққан, тақырыпқа қатысты негізгі ғылыми әдебиеттер мен нормативтік құжаттарды кеңінен қолданған. Ең бастысы – автор өзінің авторлық талдау негізінде алынған ғылыми нәтижелерді қорғауға шығарған. Қорғауға шығарылған тұжырымдар жаңа, негізді әрі дәйекті болып табылады.

«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмыс ресімделуі мен ғылыми мазмұны жағынан қойылатын талаптарға сай келеді, ал Жунисов Жасулан Сейткаримович «6D030200 - Халықаралық құқық» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты.

Отандық ғылыми жетекші:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
Университетінің доценті,
заң ғылымдарының докторы **С.Ж. Айдарбаев**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«29» 09 2021 ж./г.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»
Non-profit joint-stock company «Al-Farabi Kazakh National University»
FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY 1934
БИН 990140001154